Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асыру кезіндегі бақылаушы органдардың өзара іс-қимылының және оларды орналастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы N 217, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 23 қазандағы N 353-I, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 10 қазандағы N 47, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 3, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қаңтардағы N 34 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 17 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2174. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылағы министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 108, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 194, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 157, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 22 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылағы министрінің 10.03.2017 № 108, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2017 № 194, ҚР Инвестициялар және даму министрінің 17.03.2017 № 157, ҚР Қаржы министрінің 26.01.2017 № 56, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 24.04.2017 № 22 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль тасымалдарына бірыңғай мемлекеттік бақылау жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 қыркүйектегі N 1358 қаулысын орындау үшін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде автокөлік құралдарына бақылау жүргізуді реттеу және халықаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасының заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы бірыңғай бақылау-өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асыру

кезінде бақылаушы органдардың өзара іс-қимылының тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзімізге қалдырамыз.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
төрағасы
Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрі
Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігінің
төрағасы
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
төрағасының
2002 жылғы 9 желтоқсандағы N 217
Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрінің
2002 жылғы 23 қазандағы N 353-I
Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2002 жылғы 10 қазандағы N 47
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 7 қаңтардағы N 3
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2003 жылғы 14 қаңтардағы N 34
бұйрықтарымен бекітілген

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2007 жылғы 20 қарашадағы N 197 н/с, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 27 қарашадағы N 700, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 қарашадағы N 685, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы N 258, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 16 қарашадағы N 397 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде бақылаушы органдардың өзара іс-қимылдары және оларды үйлестіру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде бақылаушы органдардың өзара іс-қимылдары және оларды үйлестіру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі - шекара қызметі), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (бұдан әрі - кеден органдарының), Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі - көліктік бақылау органдары), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі - малдәрігерлік-фитосанитарлық бақылау органдары), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (бұдан әрі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары) (бұдан әрі - бақылаушы органдар) аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен автокөлік құралдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде (бұдан әрі - автомобильдік өткізу пункттері) шетелдік және қазақстандық тасымалдаушылардың жүк автомобильдері мен автобустарына бақылауды жүзеге асыру кезіндегі бірлескен іс-қимылдарын жан-жақты қамтиды және осы іс-қимылдарды кеден органдарының үйлестіруін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі барлық бақылаушы органдар Бірыңғай бақылау-өткізу пункттері салынғанға дейін кеден органдарының ғимаратында болуы тиіс.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы жол жүретін көлік құралдарын бақылауды бақылаушы органдар өткізу пунктінде "бірыңғай аялдама" және "бір терезе" қағидаты бойынша жүзеге асырады.

4. Шекара қызметі органдарын қоспағанда көліктік бақылау органдарының, малдәрігерлік-фитосанитарлық бақылау органдарының және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының іс-қимылдарын үйлестіру (жұмысын ұйымдастыру) өткізу пунктінде орналасқан кеден органына жүктеледі.

5. Бақылаушы органдар өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқарады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

6. Өткізу пункттеріндегі бақылаушы органдардың жұмыс тәртібі осы органдармен келісіледі, ал оның орындалуын бақылауды кеден органы жүргізеді.

7. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына кірген кезде өткізу пунктінде шекара қызметі белгіленген нысан бойынша (осы Нұсқаулыққа 1-қосымша) мемлекеттік бақылаудан өту туралы талонын (бұдан әрі - талон) 2 данада береді. Қазақстан Республикасының аумағынан кеткен кезде талонды кеден органы береді. Бақылау аяқталғаннан кейін бір талон өткізу пунктіндегі кеден органында қалдырылады.

Талондарды жасау, сақтау және есепке алу кеден органдарына жүктеледі, осыған байланысты шекара қызметі мен кеден органдары шекара қызметіне берілген және ол тасымалдаушылар мен көлік құралдарды жүргізушілерге берген сандар бойынша салыстырулар жүргізеді.

8. Шекара қызметі талонға белгі қойғаннан кейін тасымалдаушы немесе тауарға жауапты тұлға тауар мен көлік құралдарға жолдама құжаттарды және талонды кеден органының лауазымды адамына өткізу пунктінде мемлекеттік бақылаудан өткізу талондарын тіркеу журналында тіркеу үшін береді (осы Нұсқаулыққа 2-қосымша).

9. Кеден органының лауазымды адамы құжаттар ұсынылған кезде олардың тізімдемеге сәйкестігін тексереді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретке сәйкес тексеру және тиісті белгілерді қою үшін басқа бақылаушы органдардың лауазымды адамдарына береді.

10. Бақылаушы органдардың лауазымды адамдары құжаттарды тексерген кезде бақылаудың басталу мен аяқталу уақытын белгілейді.

Мемлекеттік бақылаудың кез келген түрін жүргізген кезде мерзімдерді негізсіз созуға жол берілмейді. Мерзімдер осындай бақылауды өткізу үшін қажетті уақытқа дәлме-дәл сәйкес болу қажет.

11. Көліктік бақылау бекеттері жоқ өткізу пункттерінде кеден органының лауазымды адамы бақылаудың осындай түрі жоқтығы туралы белгі қояды.

Бұл жағдайда көліктік бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінен тыс көліктік бақылаудың бірінші ішкі бекетінде жүргізіледі. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының кедендік бақылау саласында заңнаманы бұзушылықтар анықталған жағдайда, көліктік бақылау саласындағы лауазымды адам өткізу пунктіндегі кеден органына хабарлайды.

12. Кеден органдары бақылаушы органдарымен бірлесіп өткізу пункті арқылы өткен автокөлік құралдардың саны бойынша салыстыруларды күн сайын жүргізеді, сондай-ақ Автокөлік құралдарды есептеу мен бақылау журналдары жүргізіледі.

Өткізу пунктінде көліктік бақылау органы болмаған жағдайда, онымен салыстыру аптасына бір реттен кем емес жүзеге асырылады.

13. Тасымалдаушылар мен автокөлік құралдарды жүргізушілердің халықаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасының заңнамасын

бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталған кезде бұзушылықты анықтаған бақылаушы орган бұл туралы басқа да бақылаушы органдарға хабардар етеді, сондай-ақ автокөлік құралдарды есепке алу мен бақылау журналдарында қабылданған шешім туралы жазады.

Бұл ретте, талонның екі данасы қайтарып алынады және кеден органында сақтауға қалдырылады.

Сонымен бірге кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылданады.

14. Құжаттамалық бақылауды жүргізу аяқталғаннан кейін кеден органының лауазымды адамы көлік құралдар мен тауарларды бірлесіп тексеруді ұйымдастырады, бұл ретте Бірлесіп тексеру актілерінің есебін жүргізу журналында (осы Нұсқаулыққа 4-қосымша) тіркеуге жататын бірлесіп тексеру актісі (осы Нұсқаулыққа 3-қосымша) толтырылады.

15. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автокөлік құралы мен тауар Қазақстан Республикасының шегінен тыс қайтару көзделген жағдайларда, мұндай шешім барлық бақылаушы органдармен бірге келісім бойынша қабылданады және белгіленген нысан (осы Нұсқаулыққа 5-қосымша) бойынша 2 данада жасалған Көлік құрал мен тауарды қайтару актісі толтырылады.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу
пункттерінде бақылаушы
органдардың өзара іс-қимылдары
және оларды үйлестіру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

N___ өту пунктінде мемлекеттік
бақылаудан өту талоны
Өткізу пункті _____200 жылдың "__" _____
Автокөлік құралы _____
Автокөлік құралының тіркелу нөмірі _____ тіркеме_____
Автокөлік құралының қозғалыс бағыты _____
Жүктің атауы және салмағы (жолаушылардың саны) _____

Шекаралық бақылау _____сағ _____ мин (бақылаудың басталуы) _____сағ _____ мин (бақылаудың аяқталуы) қабылданған шешім _____ _____ қолы Мөртабан	Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау _____сағ _____ мин (бақылаудың басталуы) _____сағ _____ мин (бақылаудың аяқталуы) қабылданған шешім _____ _____ қолы Мөртабан
Малдәрігерлік бақылау _____сағ _____ мин (бақылаудың басталуы)	Фитосанитарлық бақылау _____сағ _____ мин (бақылаудың басталуы)

_____сағ _____ мин (бақылаудың аяқталуы) қабылданған шешім _____ _____ қолы Мөртабан	_____сағ _____ мин (бақылаудың аяқталуы) қабылданған шешім _____ _____ қолы Мөртабан
Кедендік бақылау _____сағ _____ мин (бақылаудың басталуы) _____сағ _____ мин (бақылаудың аяқталуы) қабылданған шешім _____ _____ қолы Мөртабан	Көліктік бақылау _____сағ _____ мин (бақылаудың басталуы) _____сағ _____ мин (бақылаудың аяқталуы) қабылданған шешім _____ _____ қолы Мөртабан

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік шекарасы арқылы
өткізу пункттерінде бақылаушы
органдардың өзара іс-қимылдары
және оларды үйлестіру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Өткізу пунктінде мемлекеттік бақылаудан
өткізу талондарын тіркеу журналы

N р/б	Көлік құралдың мемлекеттік нөмірі	Тасымалдаушы туралы мәлі-меттер	Тіркеуді жүзеге асырған лауазымды адамның Т.А.Ә.	Ескерту

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік шекарасы арқылы
өткізу пункттерінде бақылаушы
органдардың өзара іс-қимылдары
және оларды үйлестіру
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Тауарлар мен көлік құралдарды
бірлесіп тексеру актісі
N 00000/00000/000000

Осы акті

_____
__
_____
__

(бақылау органдары қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы)
қатысуымен

_____
__
кеден органының лауазымды адамы (адамдары) жасады
Жүк жөнелтуші _____
қай
жерден (қайда)
_____(жүк алушыға) ____
_
_____
__
_____
__
құжаттар бойынша жіберген тауардың (көлік құралдың) партиясын
тексеру жүргізілді
_____
__
Тексеру орны
_____
__
_____
__
_____орындардан тауарлардың партиясы ұсынылды. Құжаттар бойынша жалпы салмағы _____кг.
Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды:
Тауардың іс жүзіндегі таза салмағы ___кг, жалпы салмағы___кг.
Мынадай тәсілмен анықталды:
[ ] іс жүзінде өлшеу
[ ] ____орындарды өлшеумен бір орынның орташа салмағын анықтау
[ ] есептік
[ ] өзге де
N _____,_____ дана қамтамасыз етулермен келген
N№N_____көлік
құралдар/контейнерлер
Қамтамасыз етулер: [ ] бұзылған [ ] бұзылмаған
_____
__
_____
__

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

(тексеруді жүргізудің себептері, тауарларды сәйкестендіру және тексерудің басқа да мәліметтері)

Алулар жүргізілген жоқ. Жүк орындары біздің қатысуымызбен оралды.	N_____ актісі бойынша сынамалар мен үлгілерді алу жүргізілді

_____ дана мөлшерінде N_____кедендік қамтамасыз етулер жатқызылды.

_____

(лауазымы, тегі, атының, әкесі атының бастапқы әріптері, қолы жеке нөмірлік мөрі)

_____

_____ лауазымды адам (адамдар) қатысты

Декларанттың, немесе тауарға, немесе тасымалдаушыға немесе куәгерлерге қатысты уәкілеттіктері барлардың лауазымы, тегі, аты-жөнінің бастапқы әріптері , қолы

Тексерудің аяқталу уақыты

_____

_____/_____ парақ

Тауарлар мен көлік құралдарды тексеру актісінің

екінші данасын _____ алды.

*Элемент 00000 / 00000 / 000000

1 2 3, бұл жерде

1 - Қазақстан Республикасы кеден органдарының жіктеуішіне сәйкес кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органының цифрлық коды;

2 - күні, айы және үстіміздегі жылдың соңғы екі цифры;

3 - өсуі бойынша қалыптастырылатын Тексеру актілерін тіркеу журналы бойынша реттік нөмірі. Бұл ретте, жаңа жылдың басында нөмірлеу жаңадан басталады.

N_____бірлесіп тексеру актісіне

қосымша парақ

Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды:

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

Лауазымды адам (дар) (лауазымы, тегі, атының, әкесі атының бастапқы

_____

әріптері, қолы, жеке нөмірлік мөрі)

_____

_____

_____

Қатысқандар

_____

(Декларанттың немесе тауарларға қатысты уәкілеттіктері бар өзге де адамдардың, немесе

_____

тасымалдаушының, немесе куәгерлердің қолдары)

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік шекарасы арқылы
өткізу пункттерінде бақылаушы
органдардың өзара іс-қимылдары
және оларды үйлестіру
жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша

Өткізу пунктінде мемлекеттік бақылаудан
өткізу талондарын тіркеу журналы

N р/б	Тексеру актісі-нің нөмірі	Көлік құралының мемлекеттік нөмірі	Тасымалдаушы туралы мәліметтер	Тіркеуді жүзеге асырған лауазымды адамның Т.А.Ә.	Ескерту

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік шекарасы арқылы
өткізу пункттерінде бақылаушы
органдардың өзара іс-қимылдары
және оларды үйлестіру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша

Көлік құралы мен тауарды
қайтару актісі
Күні
_____
Өткізу пункті
_____
Тасымалдаушының атауы _____
Автокөлік құралдың N _____
Тауардың атауы (салмағы, саны)
_____
алушы _____
қайтару
себебі_____
бақылаушы органдардың қолдары (лауазымды адамдардың Т.А.Ә., лауазымы, органның атауы, мөрі)
_____
_____
_____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК